**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 2017 жылды Түркістан қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде жариялануына орай Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен 18-19 қазан күндері «Жойылу қаупі бар түркі тілдері» тақырыбындағы VII Халықаралық Түркология конгресі өткізілуде.**

**Конгресте жаһандану үдерісінде Түрік әлемінің келешегі, әлемдегі көптеген тілдердің жойылып кеткендігі және басты назарда жойылу қаупі төніп тұрған түркі тектес тілдер жайлы өзекті мәселелер кеңінен талқылануда. Сонымен қатар, Солтүстік мұзды мұхиттан Солтүстік Африкаға, Жапон теңізінен Батыс Еуропаға дейінгі аралықта созылып жатқан аймақтағы түркі жазба тілдері мен диалектілерінің көпшілігі жойылу қаупінде тұр. Осы төңіректе ғалымдар өз зерттеулерін ұсынып, аталған тығырықтан шығудың жолдарын ұсынатын болады.**

3-БЕТТЕ

**ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕ ТИІМДІ МЕ?**

8-БЕТТЕ

**СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕДІ**

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№14 (441) 18 ҚАЗАН 2017 ЖЫЛ

# VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІ

Тарихи және заманауи тұрғыдан алғанда түркі жазба тілдеріне қытай, орыс, араб, парсы тағы да басқа тілдердің тигізген әсері мол. Айтылған тілдердің ықпалы кейбір түркі тілдерінің жойылып кетуіне қазір де қауіп төндіруде.Осы аталған мәселелер конгресте кеңінен талқылануда.

Конгресс 4 (қазақ, орыс, түрік, ағылшын) тілде, 6 секция бағыттары бойынша өтіп жатыр.

Түркі жұртының басын қосқан айтулы жиынға Түркия Республикасы, Ресей Федерациясы, Әзірбайжан Республикасы, Башқұртстан, Чувашстан, Хакасия, Тыва, Иран, Өзбекстан, Тәжікстан, Германиядан және Қазақстаннан 100-ге жуық түрколог-ғалымдар қатысуда. Конгресс жұмыстары жойылып кету қаупі бар тілдер жайлы зерттеулер, сөйлеушісі қалмаған тарихи түркі жазу тілдері, Қытайдағы түркі тілдерінің жағдайы, Кеңес дәуірінен кейінгі түркі тілдерінің жағдайы, жойылып кету қаупі бар тілдердің сақталуы, Қазақстандағы түрлі түркі тілдерінің жағдайы, Ирандағы түрлі түркі тілдерінің жағдайы және парсы тілімен байланысы, жойылып кету қаупіндегі түркі тілдерінің орыс тілімен байланысы, Таяу Шығыс елдеріндегі түркі тілдерінің жағдайы,Түркі тілдерінің араб тілімен байланысы, Кавказ аймағындағы түркі тілдерінің орыс тілімен байланысы,Түркі тілдерінің жойылып кетуіне қауіп тудыратын негізгі мәселелер, тіл мен диалект жойылуында мемлекет пен әлеуметтік байланыстардың рөлі, жойылған түркі тілдерінде сөйлеушілердің тілдік ерекшеліктері, Түркітанушы Рахманқұл Бердібай 90 жаста сынды тақырыптарды қамтуда.

## ТЫҢ ЖАҢАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТА

**Басты оқу ғимаратынан шығып, университет маңындағы Мағжан қалашығына бір топ тілші бірге бардық. Қалашыққа кіре беріс тұсқа «Экология ғылыми зерттеу институтының зерттеу алаңы» деген белгі қойылыпты.**

Жанындағы жылыжай құрылысы жертөле іспетті. Көлемі шағын ғана. Айналасы қоршалған. Баспалдақпен төмен түсіп, жылыжайдың ішіне асыққай көз жүгірттік. Ең алдымен алдымыздан ұзын сонар жол шықты. Дәліз қараңғы тартып тұр. Оң жақта биогумус тыңайтқышы толтырылған қапшықтар. Сол жақта беті жабылған көң. Оған аса назар аудармаған кейіппен тура келеміз. Бойымыз жылып, фотоаппараттың әйнегі буланғанын байқадық. Қазір күз мезгілі болғандықтан, дала суық. Ал іштегі температура 20 градус жылылықты көрсетіп тұр. Қиярлар аспанға қарай керілген жіптерге өрмелей өскен. Ұзындығы 1,5 см. Оң және сол қапталдағы қиярлардың сабақтарында өнімнің жеміс беруі әркелкі. Бірінде үзуге жарамды 5 қияр, келесісінде 7 қияр. Ең аз дегенінің өзінде 2 қияр. Үзуге жарамсыз, енді гүлдеп келе жатқандардың санында есеп жоқ. Жылыжайда үздіксіз жұмыс жасалса, қиярлар қыс бойы өнім беретіндей.

**Талжан Раимбердиев, ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент, профессор**: Сұйық түрдегі вермичай мен таза табиғи тыңайтқыш биогумустың өсімдікке әсерін тексеріп көру мақсатында Мағжан қалашығындағы жылыжайда қияр өсірілуде. Бұл істің басы-қасында жүрген университет профессоры, ғалым Аманкүл Ақбасова бүгінде Халықаралық патентке ие. Енді коммерциализацияға айналдыру жолға қойылуда. Ғылым саласында ғылымды коммерциализациялауды өзекті мәселе. Жылыжай жағдайындағы қияр өнімділігін арттыру,тыңайтқыш алудағы үлкен ізденісінің нәтижесін көруде.

**Давлат Юлдашбек, химия мамандығының 1-курс магистранты:** Біз мұнда қиярдың өнімділігін арттыру жұмыстарымен айналысамыз. Қиярдың төменгі жапырақтарын және мұртшаларын жұлып отырамыз. Сонда тыңайтқыштың бар күші салған қиярдың үлкеюіне жұмсалады. Негізінен қияр 40 күнде пісіп жетіледі. Бірақ біз жылыжайдағы қиярларды 35 күннен соң, теріп алдық. Өнім салып, үзіп алған соң, оны вермичаймен қоректендірдік. Жұлынған қиярдың сақталу мерзімі 15-20 күн. Дәмі де реңі де өзгермейді. Мұнда бастапқыда 200 түп қияр егілді. 20 түп қияр жарамсыз болып қалды. Біз ұрықтан өсірдік. Басқа жылыжайларда екі сатыдан тұрады. Ұрық егу. Көшетке айналған соң, басқа жерге қайта отырғызу. Біз ол әдісті пайдаланбай-ақ, жоғары нәтижеге қол жеткізіп отырмыз. Себебі біз қалдықтарды кәдеге жаратып, тыңайтқыш алдық. Бұл жер нағыз зерттеу алаңы. Зертхананың басшысы Аманкүл Ақбасова. Атқарылып жатқан шаруалар, қыруар еңбектің жемісі болуы Аманкүл Жақановнаның арқасы. Біз шәкірті екендігімізді мақтан тұтамыз.

**Алтынбек Әбсейіт, экология мамандығының 2-курс магистранты**: Жаңа жылыжайға кіре беріс дәлізде жатқан биогумус қапшықтары мен үйілген топырақты көрген боларсыздар. Осы жөнінде айтқым келеді. Биогумус дегеніміз не? Биогумус- ауыл шаруашылық және өсімдік, жеміс-жидек қалдықтарынан, калифорниялық қызыл құрттар негізінде алынатын табиғи тыңайтқыш. Калифорниялық қызыл құрттар тәулігіне өз салмағымен бірдей қалдықтарды жейді. Құрттың орташа салмағы жарты грамм және саны 100 дана/м2(яғни гектарына 1 млн.) болғанда, олар тәулігіне шаршы метрге 50 г топырақты, немесе гектарына жарты тонна топырақты өздері арқылы өткізеді. Ол бөліп шығарған заттың жартысынан көбін биогумус құрайды. 1 т құрт тәулігіне 0,5 т органикаға бай жетілдірілген биологиялық тыңайтқыш шығарады. Биогумусты алудың әдістері өте көп. Бірақ әр жерде әр түрлі әдіспен әртүрлі уақытта, әр түрлі көлемде алады. Биогумустың құрамында өсімдікке қажетті элементтердің барлығы бар. Өсімдікке химиялық тыңайтқыш қажет болмайды. Енді біз өзіміз қолданып отырған әдіске тоқталайық. Бізде калифорниялық қызыл құрттар арқылы биогумус алып отырмыз. Көңге өсімдік қалдықтарын яғни жапырақтарды, калифорниялық қызыл құрттарды тастаймыз. Құрттарға қарбыз, қауын, шырынды жемістерді береміз. Олар 3-4 күнде түк қалдырмай жеп тауысады. Бұған бетін жауып, қайта ашып қарағанымызда көз жеткіздік. Бананды қатты ұнатады. Тыңайтқышты шетелдерде 6 ай уақытта алады. Біздің жаңалығымыз оны 3 айда алатынымыз. Базардан алып келген биогумус пен өзіміз өндірген биогумусты салыстырдық. Қолдан жасалған биогумус таза әрі сапалы. Биогумусты дайындап алған соң, оны 10л ыстық суға 1л биогумус салып вермичай аламыз. Вермичай –бұл биогумустың сұйық түрі. Өсімдікке барлық қоректік заттар сұйық түрде бойына өтеді.

**Дайындаған: Гүлдана ҚАРАБЕКОВА**

## ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ

Жуырда Ғылыми кітапхананың конференцзалында ғылыми-техникалық кеңес мәжілісі өтті.

Мәжіліске университетіміздің ҒТК мүшелері, факультеттегі ғылымға жауапты тұлғалар, күн тәртібіне қатысты жоба жетекшілері мен қызметкерлері қатысты.

Мәжіліс төрағасы, Ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент Т.Раимбердиев күн тәртібіндегі мәжілісте қаралатын маңызды сұрақтарды таныстырды.

Сондай-ақ, ҚР БжҒМ гранттық қаржыландыру бойынша жоба жетекшілерінің 2017-жылғы жылдық есебі тыңдалды.

Мәжілісте ғылыми жоба шеңберінде орындалған жұмыстардың сапасы мен орындалуы жөнінде сараптама жасалды. Кеңес мүшелері тарапынан түйткілді мәселелер мен маңызды сауалдар талқыға салынып, пікірлер алмасты.

**Ғылым және инновация департаменті**

## КІТАПХАНА- РУХЫМНЫҢ МЕКЕНІ



**Жақында Ғылыми кітапхана конференц-залында 15-қазан кітапханашылар күніне орай «Кітапхана – рухымның мекені» атты мерекелік іс-шара өтті. Бұл шара «Бізді ақылды етеді – кітап дана. Даналардың мекені - кітапхана» дегендей оқырман мен кітап арасын байланыстыратын кітапханашыларға арналды.**

Оқу әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Н.Ажиханов, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы М.Топлу кітапханашыларды мерекелерімен құттықтады. Ғылыми кітапхана директоры М.Әбсеметова кітапханашылардың жұмысын атап өтіп, ерен еңбектеріне алғысын білдірді. Университет президенті У.Әбдібековтың Алғыс хатымен Шымкент медицина институты кітапханасының меңгерушісі Г.Иманусинова, Кентау институтының меңгерушісі К.Уайсова, кітапханашылар: Ш. Қарашаева, Р.Тукенова, Ж.Ордабаева, Г.Ділдәбекова, А. Жүсіпәлиева, Б.Рахымжанова, К.Төребекова, Г.Серменязовалар марапатталды. Концерттік бағдарламамен өрілген іс-шарада кітапхана қызметкерлері де өнер көрсеткенін атап өтпесек болмайды. Флешмоб дайындап, ән айтып, би билеген кітапханашылар сегіз қырлы екендерін көрсетті. «Мен мамандық әлемінде» атты бейне баянмен жалғасқан іс-шара қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

## ОҚЫТУШЫ ОЙ АЙТАДЫ

# ТЕСТ ЖАСАУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ





**Қазіргі кезеңде студенттердің білім деңгейін, оны меңгеруін тағы басқа көрсеткіштерді тест тапсырмалары арқылы анықтау кең тараған педагогикалық әдіс. Тест жүйесін білім беру процесіне ендіру күрделі педагогикалық проблемалар қатарына жатады. Ресей ғалымы В.С.Аванесов өзінің «Теоретические основы разработки заданий в тестовой форме» атты еңбегінде тест тапсырмаларын дайындауды үлкен шығармашылық өнерге теңейді және тест тапсырмаларын 5 түрде дайындаудың технологиясын ұсынған.**

Қазіргі кезеңде осы ұсынылған әдістердің ішінен білім беру саласында ең көп қолданылатыны **«5 жауапты тапсырма»** немесе **«5 жауаптың бірін таңда»** технологиясы бойынша дайындалатын тест болып отыр, мұндай тест тапсырмалары жоғары оқу орындарында, орта мектептерде, Ұлттық Бірыңғай Тест орталығында тағы басқа да кеңінен қолданылуда. Менің ойымша, мұндай әдіспен дайындалған тест тапсырмалары студенттердің, орта мектеп оқушыларының білім деңгейін толық анықтай алмайды. Олар көпшіліктің ішінен білім деңгейі алдын-ала белгіленген межеге сәйкес келетін студенттерді, оқушыларды таңдайды, яғни студенттің немесе оқушының шын білім деңгейі анықталмайды.

Жалпы тестті қолдану арқылы біз студенттің белгілі тақырыпты, құбылысты немесе оның заңдылығын:

• жүйелі түрде, толық меңгеру дәрежесін,

•тапсырмаларды орындауы барысындағы студенттің логикалық ойлау қабілетін,

• оны іске асырудағы іс әрекетін,

• меңгерген теориялық білімі мен практикалық дағдыларын және әдістерін пайдалана алуын бағалауды көздейміз.

Бірақ, «5 жауаптың бірін таңда» технологиясы бойынша дайындалған тест тапсырмалары арқылы студент білімін бағалауда оның тақырыптың немесе құбылыстың басты белгілерін есте сақтауын, оны толық түсініуін және осы заңдылықты қолдана алуын бірге қарастыру мүмкін болмай отыр. Өйткені қазіргі қолданыстағы тест тапсырмасы студенттің тақырыпқа байланысты оны есте сақтауын, не оны түсінуін немесе оны қолдана алуын ғана анықтауға мүмкіндік береді. Осы үш мәселені бірге қарастыратын тест болмай тұр.

Біздің зерттеулеріміз аталған кемшіліктердің пайда болуының ең басты себебі тестті дайындау технологиясы екендігін анықтады, яғни аталған кемшіліктерден арылу үшін тест тапсырмаларын дайындауды өзгертіп жаңа технологиялық іс әрекеттерге көшу қажет екендігіне көз жеткіздік. Ал білім беру процесі студенттің құбылысты есте сақтауын, оны терең түсініуін және оны қолдан алуын бірге қарауды талап етеді.

Осы жағдайлар тест тапсырмаларын дайындаудың жаңа технологиясына көшуді талап етеді. Яғни студенттің тек құбылысты есте сақтай алатындығын ғана көрсететін тест қолданғаннан гөрі, құбылысты терең түсінетіндігін, осы құбылысты немесе заңдылықты қолдана алатындығын көрсететін тест жасау қажеттілігі туындайды.

Тест жасаудың біз ұсынып отырған жаңа әдісі бұл проблемаларды жеңіл шешуге, сол арқылы қойылатын сұрақтарды және оған берілетін жауаптарды жүйелі түрде ұйымдастыруға толық мүмкіндік береді.

Ұсынып отырылған жаңа әдіс - сатылы тест деп аталады. Ол оқытушының студенттен сабақ сұрағаны тәріздес, тест сұрақтары бір-бірімен тығыз байланысқан сатылар (блоктар) түрінде ұсынылады, соған сәйкес жауаптары да сатылы болып келеді және бір тест тапсырмасына (сұрағына) бір тақырыпты толығымен сыйғызуға мүмкіндік береді. Осылайша студенттің тақырыпты толық меңгергенін анықтауға қол жеткіземіз.

Тест сұрағының бірінші сатысындағы жауаптары (дұрысы да, қатесі де) осы тақырыппен байланысқан, қарастырылып отырған құбылысты талдауды одан ары жалғастыратын келесі сұрақпен аяқталады. Ал оның жауаптары (дұрысы да, қатесі де) екінші сатыда орналасады. Ол өз кезегінде тақырыптағы құбылысты нақтылайтын келесі сұрақпен аяқталады, ал оның жауабы келесі сатыда орналасады. Ол да сұрақпен аяқталады, осылайша сатылап «жауап – сұрақ» түрінде тақырып толығымен қамтылады. Бұл тесттің ең басты ерекшелігі - барлық сатылар бір-бірінен ажырамайтын бір тест тапсырмасы түрінде студентке ұсынылады.

Студент әр сатыдағы дұрыс жауаптарды бір-біріне тіркей отырып қойылған сұрақты толық қанағаттандыратын жауапты құрастырады. Тесттің дұрыс жауабы тек жалғыз ғана болады және оны дәл анықтау тақырыпты толығымен меңгерген студенттің ғана қолынан келеді. Мұндай тестте алдын-ала дайын жауап шаблоны берілмейді, студент тест тапсырмасына жауапты өзі құрастырады. Егер студент, кез-келген сатыдағы тесттің бір сұрағына қате жауап берсе, ал қалған сатыдағыларына дұрыс жауап бергеніне қарамастан қорытынды жауап саналмайды. Өйткені ол тақырыптың бір элементін меңгермеген болып саналады.

Сонымен қатар бұл әдіс, тест сұрағының күрделілігіне (қиындығына) байланысты оны сан түрінде сипаттауға мүмкіндік береді. Ол сатылар (блоктар) санына тікелей байланысты болады, саты саны көбейген сайын дұрыс жауапты құру да қиындай береді. Тест қиындығы «n» деген шамаман сипатталады. Егер n=1 болса, онда тест жауабы бірақ сатыдан тұратын жауаптардан құралады, оған дәстүрлі «5 жауаптың бірін таңда» технологиясы бойынша құрылған тест жатады, егер n=3 болса, онда тест жауабы 3 сатыдан тұратын жауаптардан құралады.

Көп сатылы тесттің негізгі артықшылықтары:

• тақырыпты толық меңгерген студент қана тест сұрақтарына дұрыс жауап береді.

• бүкіл тақырыпты бір тест тапсырмасына сыйғызуға болады,

• тест нәтижесі арқылы студенттің тақырыпты қаншалықты терең меңгергенін анықтауға болады,

•тест тапсырмасын орындаудағы студенттің іс-әрекетін, логикалық ойлау қабілетін бақылауға мүмкіндік береді,

• тест сұрақтарын дайындауға «көнбейтін» қиын пәндер бойынша тест тапсырмаларын дайындауды жеңілдетеді,

• студент тест жауабын өзі құрастырады

• тест тапсырмасының жауабын кездейсоқ анықтау көрсеткіші өте төмен.

Дәстүрлі әдістер арқылы дайындалған тест студенттің берілген есепті шығаруда немесе практикалық тапсырмаларды орындаудағы қолданған іс әрекетін бақылау мүмкін болмайтын, ал жаңа әдіс бізге ондай мүмкіндік береді. Осы айтылған ойды тест жасауда қалай қолдануға болатындығын көрсетейік. Ол үшін биологиялық мембрана туралы төмендегі берілген қысқаша мәліметтен жаңа технология бойынша тест тапсырмасын құрайық:

**.....Қазіргі заманғы «сұйық-мозайкалы» биологиялық мембрананың құрылысын Никольсон мен Сингер ұсынған. Олар биологиялық мембрананың негізі липидтерден тұрады деп санап және олар бір-біріне перпендикуляр түрде, екі қатар болып орналасқан, ал ақуыздар липид қабатына жабысып, кейбірі оған батып немесе оны толығымен тесіп орналасқан деген тұжырым жасаған......**

Қазіргі заманғы «сұйық мозайкалы» биологиялық мембрананың құрылысын....

А. Дж.Даниэлли мен Г.Давсон ұсынған. Олар биологиялық мембрананың негізі..

**В. Никольсон мен Сингер ұсынған.**

Олар биологиялық мембрананың негізі.....

С. Дж.Ленард және С.Сингер ұсынған. Олар биологиялық мембрананың негізі.....

**1. липидтер деп санаған және олар...**

2. белоктар деп санаған және олар...

3.молекулалар деп санаған және олар...

I. бір біріне параллель түрде, екі қатар болып орналасқан, ал ақуыздар ...

II. бір біріне перпендикуляр түрде, үш қатар болып орналасқан, ал ақуыздар ...

**III. бір-біріне перпендикуляр түрде, екі қатар болып орналасқан, ал ақуыздар ...**

α. липид қабатын толығымен тесіп орналасқан деген тұжырым жасаған.

β. липид қабатына жабысып, кейбірі оған батып немесе оны толығымен тесіп орналасқан деген тұжырым жасаған.

γ. липид қабатына жабысып орналасқан деген тұжырым жасаған.

Дұрыс жауап: В,1, III, β. Тест төрт сатылы, студент тек мембрана моделінің авторларын көрсетумен қатар, ол моделдің басты ерекшелігін де атады. Осы арқылы студенттің тақырыпты толық меңгергеніне көз жеткізуге болады.

Тест қиындығына байланысты әр дұрыс жауап құны әр түрлі болуын қарастырған жөн. Мысалы, дәстүрлі «5 жауаптың 1 дұрыс» (n =1) тестің әр дұрыс жауабы үшін 1,0 балл деп есептелсе, онда жаңа әдіспен сатылы түрде құрастырылған, қиындығы n = 2 сатылы тестің әр дұрыс жауабы 2,0 балл деп алсақ, ал n =4 сатылы болатын тестің әр дұрыс жауап үшін студентке 4,0 балл берген жөн сияқты.

**Үсен БАЙЗАҚ,**
**педагогика ғылымдарының докторы,физика-математика ғылымдарының кандидаты,профессор.м.а., Ресей ЖА корреспондент мүшесі**

## ҰСТАЗДАРДЫ ҰЛЫҚТАҒАН КЕШ

Ұстаздар күніне орай әлеуметтік ғылымдар факультетінде «менеджмент» мамандығының 2-курс студенттерінің ұйымдастыруымен шағын мерекелік іс-шара болып өтті. Жиынға факультет деканы М. Топлу, декан орынбасарлары С.Мұханов пен Д.Келесбаев, «Менеджмент және туризм» кафедрасының меңгерушісі Н.Абишов, сонымен қатар кафедра оқытушылары Б.Изатуллаева мен А.Алимбаева қатысты.

Іс-шараны Жанат Әбубәкір және Сүймөн Турдалыұлы жүргізді. Ұстаздар мен студенттердің арасына алтын көпір салу мақсатында оқытушыларға сұрақтар берілді. Ұстаздар бастан кешкен қызықты естеліктерімен бөлісті. Студенттер белсенді ат салысып, ұстаздарға деген жүрек жарды лебіздерін білдірді. Іс-шара соңында декан ыстық лебізін білдіріп, Мұханов Сақтапберген ағайдың сүйемелдеуімен студенттер мен оқытушылардың әсем әнімен аяқталды.

«Ұстаздар–ұлы тұлғалар» атты рухани кеші ұстаздар мен студенттердің қатысуымен көңілді кеш өтті.

**Б.Изатуллаева,**
**«Менеджмент және туризм» кафедрасының оқытушысы**

## ТУРИЗМ МАМАНДАРЫНА АРНАЛДЫ



**27 қыркүйек — «Халықаралық туризм» күніне орай және «Туризм» клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен Ғылыми кітапхананың конференц-залында «Қонақ үй және сервис» атты студенттер арасында байқау өтті. Клуб жетекшісі «Менеджмент және туризм» кафедрасының оқытушысы А.Исаева.**

«Халықаралық туризм» күнінің мақсаты – халықтардың ынтымақтастығын, достығын арттыру, адамдардың бос уақытын құнды түрде өткізуді, өмір заңдылығын рекреациялық тұрғыдан ұғынуды насихаттау. Іс-шараға Түркістан қаласының кәсіпкерлік және ақпараттандыру бөлімінің басшысы Г.Даханова, «Khanaka» қонақ үйінің директоры Б.Нұрмұханбетов, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы М.Топлу, «Менеджмент және туризм» кафедрасының меңгерушісі Н.Абишов қатысты. Шараның ашылуында «Khanaka» қонақ үй директоры Б.Нұрмұханбетов пен факультет деканы, профессор М.Топлу мереке күнімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Байқауға студенттерден құралған «Mandarin», «Dinamid», «Voyage» және басқа да топтар қатысты. Сайыста таныстыру, қонақ үй және сервис тапсырмалары бойынша сұрақтар қойылды. Мәдени іс-шара жоғары деңгейде өткізіліп, қатысушы топтар алғыс хаттар мен ынталандыру дипломдарымен марапатталды.Сонымен қатар, «Туризм» мамандығының білімгерлері «Ақмешіт», «Домалақ ана», «Біркөлік» елді-мекендеріне туризмді және қасиетті жерімізді дәріптеу мақсатында іс-тәжірибе жүзінде экскурсия жасап қайтты.

**Ақпарат орталығы**

## ӘЛЕУМЕТ

# КӨНЕ ТҮРКІСТАН КЕРЕМЕТТЕРІ

**Қожа Ахмет Ясауи кесенесі әлемдік құндылықтар тізіміне енген, қазақ халқының, түркі елдерінің қасиетті орны. Ежелден Түркістан өзінің рухани құндылықтарымен белгілі болған жер. Күн сайын әлемнің түкпір-түкпірінен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне ағылып келіп жатқан елді көруге болады. Қазақстанның өз азаматтарынан бөлек бұл қасиетті мекенге алыс, жақын шет елден ағылған туристердің қарасы өте көп. Біз де жуырда Халықаралық қазақ-түрік университетінде дәріс алып, болашақ мамандықтарын игеріп жатқан Қазақстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Хакасия, Тыва елінен келген студенттермен бірге еліміздің көне заманнан келе жатқан заттай мәдениетімен танысуға бардық.**

Студенттермен бірге Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне баратын қақпадан басталған сабақ Ясауи баба кесенесінде жалғасын тапты. Студенттерге Түркістан қаласының қала ретіндегі маңызы, орта ғасырлық қақпалардың орындары, қазақ халқының рухани өміріндегі орны туралы әңгімеленді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің әлемдік маңызы ерекше. Кесене 2003 жылдан бері ЮНЕСКО-ның тізіміндегі әлемдік құндылықтардың бірі. Кесененің сыртында салынған құрылыстар, олардың қандай тұлғалармен, оқиғалармен байланысты екені, ұлттық құндылықтардың мәні туралы баяндалды. Шілдехана, Есім хан мазары, Рәбия Сұлтан бегім мазары, белгісіз сағана, 17-ғасырдағы сағана, үлкен Хилует, монша. Бұл нысаналардың өзіндік маңызы мен өткен тарихтағы маңызды орындары бар туралы нақтырақ таныстырылды. Студенттермен бірге Ясауи кесенесінің ішіне кіріп, ондағы негізгі бөлмелер, рухани құндылықтармен таныстырдық. Қабырхана, кіші мешіт бөлмесі, үлкен Ақсарай, кіші Ақсарай, кітапхана, асхана, құдықхана, қазандық бөлмелері, ондағы жәдігерлер туралы жан-жақты түсіндірілді. Кесененің сыртындағы эпиграфикалық жазулар мәні туралы баяндалды.

Кесененің батыс тұсындағы жер асты мешіті, Қожа Ахмет Ясауидің отбасымен тұрған жер, 19-ғасырдағы мешіт ғимараттарымен таныстырылды.

18-19 ғғ. Түркістан көшесінің реконструкцияланған түрімен, қала өмірінің көрінісімен таныстырылды. Сонымен қатар студенттер 19-ғасырдағы қала қақпасының кіші қорғанының маңызы туралы да түсінік алды.

Орта ғасырлық қала аумағындағы Ясы қаласының орны туралы да баяндалды. Қазіргі кезде бұл қала консервацияланған. Қала орны әлі де зерттелуде. Зерттеуші ғалымдар Е.Смағұлов, А.Ержігітова және тағы да басқалары бұл қаланың орнын зерттеуді жалғастыруда. Ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Орта ғасырларда теңге шығарған, Қожа Ахмет Ясауи баба өмір сүріп, ілімін таратқан орындар көнеден келе жатқан көптеген сырларын айтуда.

Орта ғасырлық Түркістан көшесімен көнеден бері зерттелген барлық құндылықтар жинақталған «Түркістан тарихы» музейі орналасқан.

Тас дәуірінен басталып, қазіргі замандағы елдің жеткен жетістіктерімен үйлескен экспозицияда студенттер қызығып, тамашалайтын көптеген материалдар көрсетілген. Түркістан өңірі көне заманнан-ақ үздіксіз дамыған, көркейген адамзат баласының өркениетінің ошағы болып табылады. Елдің көнеден дамыған шаруашылығы, сенімдері, заттай құндылықтарының дәлелін осы жерден көруге болады.

Орта ғасырлық Түркістан қаласының жалпы көрінісі қала өмірінің қандай сипатта болғанын дәлелдер материал деуге болады. Түркістан кереметтерінің заттай дәлелдерін көру мүмкіндігі туды. Мұнда Шоқтас, Қосқорған тас дәуірінің құнды заттары, қола дәуірінің әшекейлері, сақ, ғұн, қаңлы, түркі, қыпшақ қазақ хандығы кезеңдерінің кезеңдермен үздіксіз ұласқан рухани сабақтастығының куәсі болар заттай деректер бар.

Қарахан дәуірінің құрылыс материалдары, Әмір Темір кезеңінің құрылыс материалдары, олардың уақыт беделінде өзгеруі мен дамуы туралы көп мәлімет алуға болады. Әлемі таң қалдырған Сауранның шайқалмалы мұнаралары, Саураннан Түркістанға дейін созылған кәріздік жүйелерді көрсететін заттаарды көруге болады.

Ежелгі заманнан кейінгі кезеңге дейін қазақ халқының, түркі халқының рухани орталығы болған Түркістан қаласының ғасырлар қойнауынан сақталып келе жатқан құндылықтары көп. Әлемдік өркениетте керемет үлес қосқан, елдің мақтанышына айналған кереметтері нақты заттай игіліктермен дәлелденген.

Түркістан тарихының ғылыми қызметкерлері студенттердің қызығушылығын үлкен қуанышпен қарсы алды. Біз өз кезегімізде оларға ризашылығымызды білдірдік.

**Д.Мұстапаева**
**Ясауи ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері**

**Электронды сауда-саттықтың алып келетін артықшылықтары мен маңызы зор екендігі айқын. Қазір елімізде тұтынушылар уақыты мен ақшасын үнемдеп, кезек күтуден құтылып, тәулік бойы қызмет көрсетуге қол жеткізуде. Мұнда барлық операциялар жариялы түрде жасалады. Электрондық технологиялар саласындағы жетістіктерді оқу орнымыздың асхана, буфеттері алғашқылардың бірі болып қолданғалы отыр. Бұл жаңалықты университеттің тамақтандыру бөлімінің басшысы Бақытжан Айдаровтан сұрап білген едік.**



# ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕ ТИІМДІ МЕ?

**- Қазір асхана, буфеттерді электронды карточка арқылы сатып алу жүйесіне енгізгелі жатыр деп естудеміз. Сол рас па, қандай жүйе екенін түсіндіріп берсеңіз?**

- Электронды карточкалық жүйе Қырғызстан мемлекетінің Манас атындағы қырғыз-түрік университетінде қолданылады екен. Оқу ордамыздың басшыларының ұсынысымен даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент М.Эрен, өндірістік және шаруашылық істері жөніндегі вице-президент Н.Батырбаевпен бірге барып осы жүйенің қыр-сырын зерттеп қайтқан болатынбыз. Бұл жүйені біздің асханаларға ендіру жұмыстары 3 айдан бері жүріп жатыр. Қараша айының соңына қарай университет асхана, буфеттерінде сауда жасау карталық жүйе бойынша жүргізіледі деп жоспарлап отырмыз. Казкоммерцбанктің карточкалары студенттер мен қызметкерлерге тегін беріледі. Сауда жасағанда және терминал арқылы карточкаға ақша салғанда үстеме ұсталмайды. Орталық асхана мен № 2 ғимаратта орналасқан банкоматтардың қасына терминал орнатылады. Орталық база университетіміздің қаржы департаментінде орналасып, күнделікті қадағаланып отырады. Студенттер мен қызметкерлерге арналған тамақ болғандықтан апталық ас мәзірін болашақта университет сайтына енгізсек деген ойдамыз.

**Университет асханаларынан тамақтанбайтындар да карточка алуға міндетті ме?**

Карточка алу міндетті деп айта алмаймын. Бірақ, болашақта барлық университет ғимараттарында орналасқан асханалар мен буфеттерінде қолма-қол ақшалай сауда жасау тоқтатылады. Соған байланысты карточка алған дұрыс деп ойлаймын. Орталық асханада студенттерге жеңілдетілген 300 теңгелік кешенді (комплексті) түскі және кешкі ас ұйымдастырылып отыр. Филология факультетінің жанында орналасқан №6 жатақхана асханасының материалдық базасы дайын болмағандықтан, кешенді түскі және кешкі асты келесі жылдың басынан ұйымдастыруды қолға аламыз. Қазіргі таңда асханаға келушілердің саны екі есеге артты. Осыларды ескерсек буфеттерге барлық адам кіреді. Ал карточка тегін таратылады. Карточкадағы ақшаға ешкім тиісе алмайды. Қалта телефоны секілді қанша ақша салғыңыз келеді өз еркіңізде.

**– Бұл жаңа жүйенің тұтынушыға қандай тиімділігі бар?**

Электронды карточка жүйесінің тиімділігі: асхана және буфет қызметшілері ақшамен тікелей жұмыс істемейді және қаржы ағымының ашықтығын көрсетеді, гигиена тұрғысынан тиімді, әрі қысқа түскі үзілісте уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, студенттердің көпшілігі жан-жақтан келгендіктен ата-аналары Казкоммерцбанктің филиалдарынан балаларының карточкасына тамақтануға ақша сала алады. Оны студент басқа қажеттілігіне жұмсай алмайды. Бұл карточка тек біздің асханалардың тағамдарын сатып алуға ғана жарамды. Көп кездесетін жағдайдың бірі қолма-қол ақшамен саудада сатушылар қайтаратын ұсақ ақша таппай қалып, уақытыңды ұстайды. Мұнда кезекте тұру уақыты азаяды. Жеңілдетілген тағамдар университет студенттері мен қызметкерлеріне арналғандықтан, сырттан келген адамдар сатып ала алмайтын болады.

**- 11-қазан күні асханаға келушілерге түскі ас тегін берілді. Осы жөнінде айта кетесіз бе?**

- Қыркүйектің 1-жұлдызы Құрбан айт мерекесімен тұспа-тұс келді. Оқу жылының басы болғандықтан жұмыс көбейіп кетуіне байланысты осы күнге ұйымдастырдық. Бұл Құрбан айтқа аталған ас 1000-нан астам қызметкерлер мен студенттерге дайындалып, таратылды. Бұл тағамдар Түркиядан келген қызметкерлердің жеке қаржысынан дайындалды. Ниеттері қабыл болсын!

**Эльмира ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ**

# УАҚЫТЫҢДЫ БОСҚА ӨТКІЗБЕ

**Жуырда тәрбие және мәдени істер департаментінің ұйымдастыруымен студенттік клубтардың жәрмеңкесі өтті. Аталмыш департаменттің директоры Л.Есентаева құттықтау сөз сөйлеп, студенттерді қалаған үйірмеге жазылуға, дәрістен тыс бос уақыттарын тиімді пайдалануға шақырды.**

Жыл сайын өткізілетін жәрмеңкенің мақсаты – биылғы 1-курс студенттеріне клубтарды таныту, клубтарға мүшелікке қабылдау болып табылады. «Шаңырақ» координациалық басқармасына қарасты 23 клуб жұмыс жасайды. Олар: «Зияткерлік ойындар, ХҚТУ Самырұқтары, Қыз Жібек, Medical Tokens, Кино, Жайдарман, Сәт, Тұран жастар, International Relations Clubs, IKTU Global, Туризм, Изджи, Атамұра, Наз, Орда, Темірқазық, Руханият, Артена, ХҚТУ студенттері, Мерген, «Яссы» спорт клубы, Асылсөз, Баспасөз. Студенттік клубтардың мақсаты — түркі тілдес мемлекеттер мен туыстас қауымдастықтардан келген студенттер арасында достық және ынтымақтастықты нығайту, түркі дүниесінің бай мәдениетін таныту. Студенттік клубтар басшысы – тәрбие және мәдени істер департаментінің жетекші маманы А.Бекаев. Жәрмеңке барысында қызығушылық танытқан білімгерлер қалаған клубқа жазылып жатты.

Бүгінгі таңда клубтарға жалпы 600-ден аса студент мүшелікке тіркелген. Сабақтан тыс уақыттарында пайдалы үйірмелерге қатысу студенттер үшін тиімді. Студенттік клубтар білімгерлерге өз идеяларын жүзеге асыруға жағдай жасайды. Білім мен тәжірибе арасын байланыстырады. Зияткерлік және көшбасшылық қабілеттерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Студенттік клубтарға қатысу арқылы жаңа достар тауып, жаңа дағдыларды дамытады деп ойлаймыз. Шығармашылықты дамытып, уақытты қызықты өткізуге мүмкіндік беретін клубтар алдағы уақыттарда түрлі іс-шаралар мен жағымды жаңалықтардың жаршысы болады деп сенім артамыз.

**ЯУ-ақпарат**

## 15-ҚАЗАН КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

Университетіміздің Ғылыми кітапханасында 34 кітапханашы, 4 бағдарламамен қамтамасыз етуші күніне 2500-ден астам оқырманға қызмет көрсетеді екен. Осыдан-ақ кітапхананың күнделікті қызып жатқан өмір екенін көреміз. 15-қазан оқырманы келсе оның іздегенін тауып бергенше жаны жай таппайтын кітапханашыларымыздың мерекесі.

«Мен кітапхананы ақыл,білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары санаймын» - деп жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбаев айтқандай, біздің кітапханашылар әрбір оқырманға білім шуағымен қатар, көңіл шуағын да шашып, мейірімді жүздерімен баурап алады.

# АСЫЛ ҚАЗЫНА САҚШЫЛАРЫ





Жетекші кітапханашы Шекер Қарашаева жас маманға кеңес беруде



«Медицина» бөлімінің кітапханашылары Қарлығаш Есполова мен Бақытгүл Рахымжанова



«Тарих» бөлімінің кітапханашысы Айгүл Әбдікерімова студенттермен



«Мерзімді басылымдар» бөлімінің кітапханашысы Гүлнар Ділдәбекова



«Жалпы бөлім»кітапханашысы Клара Төребекова













Ғылыми кітапхана директоры Меруерт Әбсеметова мен ғимарат меңгерушісі Аймахан Есенбаев

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Астана қаласында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің кітапханасын ашып тұрып: «Бүгінгі кітапхана - заманауи электрондық-мұрағаттық инфрақұрылым ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдени-тарихи құндылықтың құрамдас бөлігі саналатын бірегей ақпараттық ресурс» - деп атап өткен болатын.

Елімізде ақпараттық кеңістікке кітапханаларды белсенді ықпалдастыру және оқырмандарға қызмет көрсету мәдениетін арттыру міндеті осы сала мамандарына жүктеліп отыр.

**Медицина факультетінің 3-курс студенті Ержан Жолдасов:**

- Мен күнде кітапханаға келемін. Сенбі күні де осында жүремін. Кітапханашы апайлар іздегенімізді тауып береді, кеңестер айтады. Мен Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің кітапханасына барып көрдім. Онда кітаптары ескі, бөлмелері тар, біздің кітапханамен салыстыруға келмейді. Бізде кітаптар да, компьютер де жаңа, бөлмелер кең әрі жарық, көңіліңе қуаныш ұялатады. Нұр төгілген жүздерімен осы жердің көркін арттырып жүрген кітапханашы апайларды мерекелерімен құттықтаймын!

**«Мерзімді басылымдар» бөлімінің кітапханашысы Гүлнар Ділдәбекова:**

-«Кітапхананы сүйіңдер, Кітапханашымен дос бол!» деген екен әйгілі ғалым Әлкей Марғұлан. Ендеше, кітапханашылар күні – жалғыз кітапханашылардың ғана мерекесі емес, ол біздің білімге құштар оқырмандардың да мерекесі. Кітапхана – ғасырлар бойы келе жатқан биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Кітапханашылар оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы кітапханашылар. Сіздерді 15 - қазан кітапханашылар күнімен құттықтаймын! Барша әріптестеріме зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ – береке, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін!

**«Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің 3-курс студенті Гүлнар Еділқызы:**

- Кітапханашы апайлар студенттердің сабаққа дайындалуына жағдай жасайды. Іздегенімізді тауып береді, қай бөлімнен іздеу керектігімізге дейін айтып, кеңестерін беріп отырады. Біздің білім алуымызға кітапханашы апайлардың қосып жатқан үлесі зор деп айта аламын. Кітапхана қызметкерлеріне алғысымды айта отырып, төл мерекелерімен құттықтаймын!

Өткен замандардың тұңғиық тереңінен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де, кітапханадан табамыз.

Дайындаған: Э.АРТЫҚБАЕВА

# СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

АУДИТОРИЯ

Студенттер беті

## ТЕАТР-МӘДЕНИЕТ ОРТАСЫ



Театр-өмір айнасы. Театр-өмірдің көріністерін драмалық қойылым арқылы жеткізетін мәдени орта. Театрға кіргеннен сізді жылы жүзбен, әдемі киінген қыздар қарсы алып, отыратын орныңызды нұсқайды. Қойылымды тамашалап отырып, рухани азық алып, бір демалып қаласыз. Халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы театр екені даусыз. Ал, қазіргі таңда осы мәдениет пен өнердің ошағына айналып отырған театрға барушылар көп пе? Жасыратыны жоқ, театрға орын толтыру мақсатында мекемелерден, мектептерден оқушыларды алып бару да кездеседі. Қызығушылық танытып баратындарды сирек көресіз. Ал, мұның себебі адамдардың театрды іш пыстыратын орта деп ойлауында. Бүгінгі жастарымыз ше? Жастардың қызығатыны кинотеатр, концерт сынды шулы орта. Менің ойымша театрға баруды балалардан бастау керек. Балаларды үнемі ойын-сауық орталарға емес, театрға да жиі алып бару керек. Аптаңыздың бір күнін театрға баратын етіп жоспарлаңыз. Күнделікті күйбең тіршіліктен бір демалып, өзіңізді сергек сезініп қайтасыз.

**Мадина ЕСІМОВА**
**1-курс студенті**

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ- ЗАМАН ТАЛАБЫ

